

"Адамант24- Ломбард" ЖШС
Жалғыз қатысушысының
2020 ж. "15" сәуірінде № 5 шешімімен
БЕКІТІЛДІ

МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Нур-Султан қ. 2020 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және оны қарау тәртібі	4
3. Микрокредит беру туралы шартты жасасу тәртібі	5
4. Берілетін микрокредиттердің шекті сомасы мен мерзімдері	7
5. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары	8
6. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі	8
7. Ломбард қабылдайтын Кепілдік мүлікке қойылатын талаптар	9
8. Ломбард пен оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершіліктері	11
9. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережесі	12
10. Микрокредитті өтеу әдістері	13
11. Өзге де шарттар	13
12. №1 қосымша. Микрокредитті өтеудің қосымша әдісін есептеу үлгісі	15
13. №2 қосымша. Микрокредит алуға өтініш-сауалнама	16
14. №4 қосымша. Кредиттік тарих субъектісінің ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға және ішкі істер органдарына беруге келісімі	17
15. №5 қосымша. Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюродан, оның ішінде ішкі істер органдарына кредиттік есепті беруге келісімі	18

Осы Қысқа мерзімді микрокредиттер беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне, "Адамант24-Ломбард" ЖШС (бұдан әрі - Ломбард) Жарғысына және Ішкі нормативтік актілеріне сәйкес әзірленді және Ломбардта жылжымалы мүлік кепілдігімен қысқа мерзімді микрокредиттер беру рәсімін бекітеді.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Ломбард мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік кепілімен жеке тұлғаларға қысқа мерзімді микрокредиттер беру;

2. Осы Қағида төмендегілерді регламенттейтін құжат болып табылады:

- 1) Клиенттердің микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және оны қарау тәртібі;
- 2) Кепілдік билетті ресімдеу арқылы жылжымалы мүлік кепілімен микрокредит беру туралы шарт (бұдан әрі - Кепілдік билет) жасасу тәртібі;
- 3) берілетін микрокредиттердің шекті сомасы мен мерзімдері;
- 4) берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары;
- 5) берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі;
- 6) Ломбард қабылдайтын Кепілдік мүлікке қойылатын талаптар;
- 7) Ломбард пен оның Клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершіліктері;
- 8) берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережесі;
- 9) микрокредитті өтеу әдістері;
- 10) Кепілдік билет жоғалған жағдайда Клиенттерге телнұсқа беру тәртібі
- 11) өзге де шарттар.

3. Осы Қағида ашық ақпарат болып табылады және Ломбард клиенттеріне (бұдан әрі – Қарыз алушы) олардың алғашқы талап етуі бойынша танысу үшін беріледі. Қағида Ломбард клиенттерінің назарына қолжетімді жерде орналастырылады.

4.1 Ломбард жеке тұлғаларға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті (бұдан әрі – Кепілдік мүлік) бір жылға дейінгі мерзімге кепілге қойып қысқа мерзімді микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

4.2 Ломбард Клиенттері Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің 18 жасқа толған іс-әрекетке қабілетті және есі дұрыс азаматтары болып табылады.

4.3 Микрокредит алу үшін Клиент төмендегі құжаттардың бірінің түпнұсқасын ұсынуы қажет:

- ҚР азаматының жеке куәлігі;
- ҚР азаматының төлқұжаты;
- ҚР-да шетел азаматының тұруға ықтиярхаты;
- шет мемлекеттің паспорты

4.4 Микрокредит алған кезде Клиент Ломбардқа SMS-хабарлама алу үшін ұялы телефонның жарамды нөмірін хабарлауға міндетті, ол Кепілдік билетте көрсетіледі. Ұялы телефон нөмірі өзгерген жағдайда, Клиент жедел, бірақ нөмір өзгерген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Ломбардқа жаңа нөмірді жазбаша хабарлауға міндетті.

4.5 Микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін ұзартуды, микрокредит ішінара және толық өтеуді жүзеге асыруды жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы болған жағдайда Клиенттің өзі жүргізеді.

4.6 Қарыз алушы Ломбардқа кез келген ыңғайлы тәсілмен (электрондық пошта, смс-хабарлама және т. б.) хабарлаған кезде кепіл мүлкін алу құқығынсыз үшінші тұлғалардың микрокредитті ішінара және толық өтеуі туралы шарттың қолданылу мерзімін ұзарту бойынша операцияларды жүргізуіне жол беріледі.

4.7. Келесі жағдайларда үшінші тұлғаларға микрокредитті ішінара және толық өтеу жөніндегі операцияларды жүргізуге жол беріледі:

- 1) үшінші тұлғада нотариаттық сенімхат болған кезде;
- 2) Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда, төмендегі құжаттарды ұсынған кезде:
 - қайтыс болу туралы куәлік;
 - туыстық дәрежесін растайтын құжат;
 - мұралаудың бірінші сызығы бойынша қалған туыстарынан талап қоюдан бас тарту туралы өтініш;
 - кепілдік мүлікке мұрагерлік құқығына кіру туралы куәлік.

2. МИКРОКРЕДИТ БЕРУГЕ ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

2.1. Микрокредит беру туралы шартты жасасар алдында өтініш беруші-жеке тұлға (бұдан әрі - Өтініш беруші) микрокредитті пайдалану мақсаты туралы және қамтамасыз етуге ұсынылатын мүлік туралы мәліметтермен бірге өтініш береді.

2.2. Қарыз алушы келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке куәлік;
- 2) мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері (бар болса);

2.3. Ломбард мынадай жағдайларда өтініш берушіге микрокредит беруден бас тартады:

- 1) өтініш берушінің жеке куәлігінің (ҚР төлқұжатының) қолданылу мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күннен аз уақыт өткеннен кейін аяқталса;
- 2) мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттарда (бар болса) өтініш берушінің жеке деректері жеке басын куәландыратын құжат (ТАӘ, ЖСН, туған күні және т. б.) бойынша жеке деректерге сәйкес келмесе;
- 3) егер кепілдік мүлік ретінде ұсынылатын мүлік техникалық ақаулы, жұмыс істемейтін немесе бүлінген күйде болса;
- 4) кепілдік мүлікті (зергерлік бұйымдардан басқа) пайдалану мерзімі күнтізбелік 24 (жиырма төрт) айдан асқан болса;

2.4. Микрокредит беруді мақұлдау процесі осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

2.5. Ломбард қызметкері Ломбардтың басқарушы органының актілері негізінде кепіл ретінде берілетін мүлікті көзбен шолып қарайды және оның нарықтық құнын бағалайды және ол Шарт жасасқан кезде көрсетіледі.

3. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

3.1 Ломбард қызметкері Клиентті микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін түсіндіре отырып, микрокредит алу және қайтару шарттарымен, Клиент өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда кепілге салынған мүлікті өндіріп алудың негізі мен тәртібін таныстырады.

3.2 Клиент Кепіл затын бағалау үшін Ломбард қызметкеріне береді.

3.3 Кепіл затын бағалауды Ломбард қызметкері тараптардың келісімі бойынша оның өтімділігін ескере отырып жүргізеді және Клиент бағалаумен келіскен жағдайда микрокредит беріледі.

3.3.1 Бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдар мен сынықтарды бағалау 1 грамм үшін бағалы металдардан жасалған бұйымдар мен сынықтардың санатына байланысты Ломбард бекіткен тарифке сәйкес жүргізіледі. Тарифтер Ломбардтың басқарушы органының Актісімен белгіленеді және бекітіледі. Бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдар мен сынықтар міндетті түрде химиялық реактивтермен, денсиметрмен және металдардың электрохимиялық детекторымен сынақтан өткізіледі. Кепіл беруші сынақтан өткізуден және тексеруден бас тартқан жағдайда, аталған бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйым немесе сынық кепіл ретінде қабылданбайды.

3.3.2 Кепілдің басқа түрлерін бағалау салыстырмалы әдіспен жүргізіледі. Бұл ретте кепілдің басқа түрлерін кепілге қойып берілетін микрокредиттің ең жоғары сомасы Ломбардтың басқарушы органының Актісімен белгіленеді және бекітіледі.

3.3.3 Ломбард қызметкерлерінің тексеру, бағалау, кеңес беру жөніндегі іс-әрекеттері микрокредит беру туралы шарт жасасуға және микрокредит беруге талап ету үшін негіз болып табылмайды.

3.4 Микрокредит беру туралы шартты жасауға негіз Клиент пен Ломбардтың кепіл затын бағалау сомасы, микрокредит сомасы және қайтару күні туралы уағдаластыққа қол жеткізетін ауызша келісімі болып табылады.

3.5. Микрокредит беру туралы шарт бір мезгілде Ломбардта заттарды кепілге беру шарты болып табылады және Ломбардпен Кепілдік билетті (бұдан әрі – Кепілдік билет) берумен ресімделеді, оған екі тарап қол қояды және Клиентке кепіл билетін берген сәттен бастап күшіне енді деп есептеледі.

3.6 Жылжымалы мүлік кепілімен Кепілдік билет Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының мәміленің жазбаша нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарын ескере отырып жасалады (ҚР АҚ 328-бабы).

3.7 Кепілдік билет келесі міндетті шарттарды қамтиды:

- 1) микрокредит беру туралы шарттың жалпы талаптары;
- 2) Қарыз алушының құқықтары;
- 3) Ломбардтың құқықтары;
- 4) Ломбардтың міндеттері;
- 5) Қарыз алушының міндеттері
- 6) Ломбард үшін шектеулер;
- 7) Тараптардың міндеттемелерді бұзғаны үшін жауаптылығы;
- 8) Кепілдік билеттің шарттарына өзгерістер енгізу тәртібі.

3.8 Микрокредит беру туралы шарттың жалпы талаптарында көрсетілуі тиіс:

- 1) шарт жасалған күн;
 - 2) ұйымның атауы және қарыз алушының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде);
 - 3) микрокредит сомасы;
 - 4) микрокредитті өтеу мерзімдері;
 - 5) жылдық пайыздық сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері немесе сыйақы мәні (Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарт жасалған жағдайда), сондай-ақ жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері (микрокредиттің нақты құны);
- Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарт сыйақының мәнін және микрокредит бойынша артық төлеу сомасын қосымша қамтиды;

6) Микрокредитті өтеу тәсілі: бір жолғы, қолма-қол ақшамен – касса арқылы не электрондық терминалдар арқылы, қолма-қол ақшасыз тәсілмен - ұйымның банктік шотының деректемелерін көрсете отырып;

7) Микрокредитті өтеу әдісі;

8) Микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі;

9) Негізгі борышты уақтылы төлемегені және сыйақыны төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) есептеу тәртібі және оның мөлшері;

10) Қарыз алушының кепілдік билеті бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету (ол болған кезде);

11) Қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде ұйым қабылдайтын шаралар;

12) Кепілдік билеттің қолданылу мерзімі;

13) Ұйымның почталық және электрондық мекенжайы туралы ақпарат, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы туралы деректер (ол болған жағдайда);

14) Ұйым шарт бойынша құқықты (талапты) үшінші тұлғаға берген кезде Шарт шеңберінде Кредитордың Қарыз алушымен өзара қарым-қатынасына Қазақстан Республикасының заңнамасымен қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады.

3.9 Кепілдік билетке Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша, оның тараптары қол қойған микрокредитті өтеу кестесі қоса беріледі.

3.10 Ломбардпен жасалған Кепілдік билет бойынша ақпарат міндетті түрде Мемлекеттік кредиттік бюроға берілуі тиіс.

3.11 Клиент Кепілдік билетті микрокредит толық өтелгенге дейін сақтауға міндетті. Микрокредитті өтеу және кепіл затын алу кезінде Клиент Ломбардқа кепілдік билетін қайтаруға міндетті.

3.12 Кепілдік билетті жоғалтқан жағдайда Ломбард Клиенттің жазбаша өтініші бойынша жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын және оның ксерокөшірмесін міндетті түрде қоса бере отырып, телнұсқа беруді жүзеге асырады. Телнұсқаны қарау және беру мерзімі Ломбардтың атқарушы органының Актісімен белгіленеді және бекітіледі.

3.13 Кепіл затын алған кезде Ломбард қызметкері оған Клиенттің қатысуымен сүргі салады және/немесе пломбалайды. Ломбард кепіл берушіге кепіл затының мөрленуіне және/немесе пломбалауына көз жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

4. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕРДІҢ ШЕКТІ СОМАСЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

4.1. 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде микрокредит берудің ең ұзақ мерзімі 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аспайды.

4.2. 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейін берілетін микрокредиттің ең жоғары сомасы бір Кепілдік билет бойынша ағымдағы қаржы жылына бекітілген 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

4.3. 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшерде микрокредит берудің ең ұзақ мерзімі 1 (бір) күнтізбелік жылдан аспайды.

4.2. 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшерде берілетін микрокредиттердің ең жоғары сомасы бір Кепілдік билет бойынша 3 000 000 (үш миллион) теңгені құрайды.

5. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ ШАМАЛАРЫ

5.1.45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге берілетін, мөлшері ағымдағы қаржы жылына белгіленген 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын микрокредиттер бойынша сыйақылардың шекті мөлшерлемесі берілген микрокредит сомасының 30%-ынан (отыз пайызынан) аспайды және Ломбардтың басқарушы органының Актісімен белгіленеді және бекітіледі.

5.2.1 (бір) күнтізбелік жылға дейінгі мерзімге берілетін, мөлшері ағымдағы қаржы жылына белгіленген 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен асатын микрокредиттер бойынша сыйақының шекті мөлшерлемесі ЖТСМ 56%-нан (елу алты пайызынан) аспайды және Ломбардтың басқарушы органының тиісті Актісімен белгіленеді және бекітіледі.

5.3 Микрокредитті қайтару бойынша міндеттемелерді уақтылы орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) шекті мөлшерлемесі мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5%-нан (нөл бүтін оннан бес пайызынан) аспайды және Ломбардтың басқарушы органының тиісті Актісімен белгіленеді және бекітіледі.

5.4 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге берілетін, мөлшері ағымдағы қаржы жылына белгіленген 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын микрокредит беру туралы шарт бойынша барлық төлемдер сыйақы және тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын қоса алғанда, жиынтығында микрокредит беру туралы шарттың барлық қолданылу кезеңі үшін берілген микрокредит сомасынан аспауы тиіс.

5.5 Микрокредитті қайтару бойынша міндеттемелерді уақтылы орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеудің шекті мерзімі негізгі борыш пен сыйақы сомасы бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктірудің қатарынан күнтізбелік 90 (тоқсан) күнінен аспайды.

6. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

6.1. Микрокредитті пайдаланғаны үшін шағын несиені пайдаланудың нақты күндері үшін ай сайын сыйақы төленеді.

6.2. Кепілдік билетте жылдық пайыздық сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері жылдық пайызда немесе сыйақы мәні (Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарт жасалған жағдайда) көрсетіледі. Сыйақы мәні деп микрокредит беру туралы шарттың барлық қолданылу кезеңінде белгіленетін сыйақы мөлшерлемесі түсініледі.

6.3. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу Кепілдік билетке қоса берілетін өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

6.4. 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі қысқа мерзімді микрокредитті негізгі мерзім мен кепілдік кезеңі үшін есептелген сыйақыларды толық өтеген және микрокредит берудің жалпы мерзімінен 12 (он екі) күнтізбелік айдан аспаған жағдайда мерзімін ұзартуға рұқсат етіледі және микрокредит беру туралы шартта көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоса алғанда, микрокредит бойынша барлық төлемдердің сомасы, микрокредит затының сомасын қоспағанда, жиынтығында микрокредит беру туралы шарттың барлық қолданылу кезеңі үшін берілген микрокредит сомасынан аспауы тиіс.

6.5. 50 АЕК-тен аспайтын мөлшерде микрокредит беру мерзімін ұзартуға микрокредит нысанасының сомасын қоспағанда, сыйақы сомасы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоса алғанда, уақытын созу мерзімін ескере отырып, Қарыз алушының осындай Кепілдік билеті бойынша барлық төлемдері жиынтығында берілген микрокредит сомасынан аспаған жағдайда жол беріледі.

6.6. Есептелген сыйақыларды толық өтеген жағдайда, Қарыз алушының ауызша өтініші негізінде микрокредитті ішінара, мерзімінен бұрын өтеуге жол беріледі. Бұл ретте микрокредитті одан әрі пайдаланғаны үшін сыйақы негізгі борыш сомасының қалдығына есептеледі.

6.7. Егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе, Қарыз алушы негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеместен төлейді.

6.8. Қарыз алушының берешегі болған жағдайда Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы, ол Қарыз алушының микрокредит бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болған кезде, Қарыз алушының берешегін өтеу мақсатында келесі кезектілікте ескеріледі:

- 1) Қарыз алушының берешегін мәжбүрлеп соттан тыс және сот тәртібімен өндіріп алу бойынша Ломбардтың шығыстары;
- 2) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 3) сыйақы бойынша берешек;
- 4) негізгі борыш бойынша берешек.

7. ЛОМБАРД ҚАБЫЛДАЙТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1. Кепіл мүлкіне меншік құқығы Қарыз алушыға тіркелуі және мүлікті тіркеу қажет болған жағдайда іс жүзінде Қазақстан Республикасының аумағында болуы тиіс. Егер мүлік міндетті тіркеуге жатпаса, онда меншік Құқығы қарыз алушының ауызша өтініші бойынша белгіленеді. Кепіл мүлкі мүлікті пайдаланудың (қолданудың) кең саласы қамтамасыз ететін өтімділікке, тиісті жай-күйі мен осындай мүлікке рыноктың қалыптасқан конъюнктурасына ие болуға тиіс.

7.2. Қарызды қамтамасыз ету ретінде Ломбард төмендегі кепіл мүлкін қабылдауға құқылы:

- 1) зергерлік бұйымдар және бағалы металдардың сынықтары;
- 2) Техникалық жарамды жағдайдағы Техника;
- 3) Кепілге қабылдау үшін рұқсат етілетін басқа да жылжымалы мүлік.

7.3. Ломбардқа Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы, "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы және "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі заңдарына сәйкес, келесіні кепілге қабылдауға жол берілмейді:

- 1) жылжымайтын мүлік;
- 2) айналымнан алынған және айналымы шектелген заттар;
- 3) тыйым салынған мүлік;
- 4) үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған мүлік;
- 5) болашақта кепіл берушінің меншігіне түсетін мүлік;
- 6) тез бүлінетін шикізат, тамақ өнімдері;
- 7) тері және басқа да бағалы киім, бағалы металдардан жасалған асханалық сервиздер, сондай-ақ көркемдік құндылығы бар заттарды қоспағанда, пайдалануда болған киімдер, аяқ киімдер, іш киімдер, төсек-орын жабдықтары, ас үй және асхана жабдықтары;
- 8) балалар керек-жарақтары;
- 9) мүгедектердің жүріп-тұруына арналған арнайы көлік құралдары, мүгедектердің техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдары мен арнайы жүріп-тұру құралдары;
- 10) халықаралық және мемлекеттік жүлделері, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ордендері, медальдары мен құрметті атақтарына омырауға тағатын белгілері;
- 11) зергерлік бұйымдардың сынықтары ретінде құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар тұтас және жиынтық зергерлік бұйымдар.

7.4. Кепілмен қамтамасыз етуді бағалауды Ломбардтың атқарушы органының актісімен бекітілген Ломбардтың құнын анықтау әдістемесіне және белгіленген бағаларға сәйкес Ломбардтың жауапты қызметкері жүргізеді.

7.5. Кепілдік билетте көрсетілген микрокредитті қайтару мерзімі өткеннен кейін, Кепілдік мүлік сатуға берілмейтін, ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн болатын қосымша кепілді күту кезеңі көзделеді.

7.6. Ломбардтың кепілденген күту кезеңі аяқталғанға дейін кепілге салынған мүлікті пайдалануға және оған билік етуге құқығы жоқ. Көрсетілген кезең өткеннен кейін және микрокредитті қайтару және сыйақы мен тұрақсыздық айыбын төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау болмаған кезде, Ломбард соттан тыс тәртіппен, сауда-саттық

жүргізу жолымен не сауда-саттықты жүзеге асырмай, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен кепілдік мүлікті сатуды жүзеге асыруға құқылы.

7.7. Қарыз алушы Кепілдік билетке қол қоя отырып, Ломбардтың кепілдік мүлікті соттан тыс сатуына өз келісімін береді.

8. ЛОМБАРД ПЕН ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, ОЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

8.1. Ломбард құқылы:

- 1) Қарыз алушыдан микроқаржылық қызмет туралы заңнамаға сәйкес қажетті ақпарат пен құжаттарды сұратуға және алуға;
- 2) себептерін түсіндірместен микрокредит беруден бас тартуға;
- 3) қарыз алушы өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда кепілмен қамтамасыз етілген микрокредитті мерзімінен бұрын қайтаруды және кепілге салынған мүліктен өндіріп алуды талап етуге;
- 4) микроқаржылық қызмет туралы заңнамада көрсетілген тұлғаларға микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап етуді) беруге құқылы.

8.2. Қарыз алушы құқылы:

- 1) сыйақысын төлей отырып, микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға;
- 2) микрокредиттер беру ережелерімен, микрокредиттер беру бойынша Ломбардтың тарифтерімен танысуға құқылы.

8.3. Ломбард міндетті:

- 1) Қарыз алушыдан міндеттемелерді орындауды қабылдауға;
- 2) Қарыз алушыға міндеттемелердің орындалуын растайтын құжатты беруге;
- 3) Орналасқан жері немесе атауы өзгерген жағдайда уәкілетті органды, сондай-ақ қарыз алушыларды (өтініш берушілерді) тиісті ақпаратты Ломбардтың орналасқан жері бойынша, сондай-ақ Қарыз алушының (өтініш берушінің) - жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша екі баспа басылымында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы не осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде әрбір Қарыз алушыны (өтініш берушіні) жазбаша хабардар ету жолымен хабардар етуге;
- 4) өтініш берушіге микрокредитті алумен, қызмет көрсетумен және өтеумен (қайтарумен) байланысты төлемдер туралы толық және дұрыс ақпарат беруге;
- 5) өтініш берушіге 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен асатын сомада микрокредит беру туралы шарт жасалғанға дейін микрокредит өтеу әдісін таңдау және танысу үшін әр түрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынуға;

- 6) Қарыз алушыны (өтініш берушіні) микрокредит алумен байланысты оның құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етуге;
- 7) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтерді хабарлауға;
- 8) микрокредит беру құпиясын сақтауға;
- 9) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда микрокредит беруден бас тартуға құқылы.

8.4. Қарыз алушы міндетті:

- 1) алынған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша сыйақыны Кепілдік билетте белгіленген мерзімде және тәртіппен төлеуге;
- 2) Ломбардтың талап етуі бойынша қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсынуға;
- 3) Ломбардқа кепілдік мүлікті сақтау жөніндегі шығыстарды өтеуге;
- 4) Ломбардқа микрокредитті өндіріп алу бойынша шығындарды өтеуге;
- 5) Ломбардқа өзінің сауалнамалық деректерінің өзгергені туралы, сондай-ақ оның міндеттемелерін орындауына әсер ететін кез келген мән-жайлар туралы дереу жазбаша хабарлауға;
- 6) мемлекеттік, оның ішінде құқық қорғау және өзге де органдардың кепілге салынған мүлікті алып қою және/немесе алу нәтижесінде туындаған залалды Ломбардқа даусыз тәртіппен өтеуге;
- 7) Кепілдік билетте, микроқаржылық қызмет туралы заңнамада және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды орындауға, сондай-ақ жауапкершілік алуға міндетті.

8.5. Ломбард кепілге салынған мүліктің жоғалғаны, сақталуы немесе зақымданғаны үшін, егер жоғалу немесе зақымдану еңсерілмейтін күштің салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, жауапты болады. Сондай-ақ Ломбард, егер кепілдік мүліктің жоғалуы немесе зақымдануы үшінші тұлғалар жасаған ұрлауы, ереуілдер, жаппай тәртіпсіздіктер, халықтық және әскери толқулар және т.б. салдарынан болған жағдайда жауапкершіліктен босатылады, бірақ бұл ретте Ломбард кепілге салынған мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін өзінің қолынан келетін барлық шараларды қолдануға міндетті.

9. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕСІ

9.1. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (бұдан әрі - ЖТСМ) микрокредит бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептелетін сыйақы мөлшерлемесі болып табылады.

9.2. 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен асатын микрокредит бойынша ЖТСМ мөлшері Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу мен дамыту жөніндегі агенттігінің (бұдан

әрі - уәкілетті орган) нормативтік құқықтық актісінде айқындалған жылдық 56%-дан (елу алты пайыздан) аспауы тиіс.

9.3. Берілетін микрокредиттер бойынша ЖТСМ есептеу қағидаларын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

10. ҚАРЫЗДЫ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ

10.1. Қарыз алушы таңдаған микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісі Кепілдік билетке қосымша болып табылатын микрокредитті өтеу кестесінде белгіленеді.

10.2. Ломбард Кепілдік билет жасалғанға дейін Қарыз алушыға микрокредитті өтеу әдісін таңдау және танысу үшін әр түрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады. Ломбард микрокредиттерді өтеудің мынадай әдістерін қолданады – аннуитетті, сараланған және қосымша.

1) микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомасын және негізгі борыш қалдығына кезең үшін есептелген сыйақыны қамтитын азайтылатын төлемдермен жүзеге асырылатын сараланған төлемдер әдісі;

2) микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайып келе жатқан төлемдерді және негізгі борыш қалдығына кезең ішінде есептелген сыйақы бойынша азайтылатын төлемдерді қамтитын микрокредиттің барлық мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылатын аннуитеттік төлемдер әдісі. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқалардан өзгеше болуы мүмкін;

3) осы Қағиданың №1 қосымшасында көрсетілген есеп үлгісіне сәйкес төлемдерді өтеудің қосымша әдісі.

10.3. 10.2-тармақта көрсетілген шарттар сомасы 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем және микрокредит беру мерзімі 45 күнтізбелік күннен аспайтын Ломбард беретін микрокредиттерге қолданылмайды. Бұл жағдайда Ломбард осы Қағидалардың №1 қосымшасында көрсетілген есеп айырысу үлгісіне сәйкес төлемдерді өтеудің қосымша әдісін қолданады.

11. ӨЗГЕ ДЕ ШАРТТАР

11.1. Қарыз алушы, микрокредит және кепілдік мүлік туралы жеке ақпарат құпия болып табылады (микрокредит құпиясы) және үшінші тұлғаларға көзбе-көз немесе телефон (электрондық пошта) арқылы жария етуге және беруге жатпайды.

11.2. Микрокредит туралы ақпарат Қарыз алушының өзіне телефон арқылы Кепілдік билетке енгізілген жеке куәлігінің нөмірі мен күні, ұялы телефон нөмірі, сондай-ақ Кепілдік билеттің нөмірі мен күні негізінде Қарыз алушыны сәйкестендіру шартымен, сондай-ақ заңнамаға сәйкес кредиттік бюроға және "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 4-тармағында көрсетілген тұлғаларға берілуі мүмкін.

11.3. Микрокредит және Қарыз алушы туралы ақпарат осы Қағиданың №2 және №3 қосымшаларына сәйкес Қарыз алушының жазбаша келісімдері негізінде кредиттік бюроға беріледі.

11.4. Осы Қағидаға тиісті өзгерістер (толықтырулар) енгізілген күнге дейін Қарыз алушы Ломбардпен жасасқан Кепілдік билеттерге (шарттарға) күші қолданылмайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11.5. Қарыз алушы Кепілдік билетке қол қоя отырып, Ломбардқа өзінің жеке деректерін қағаз және электрондық тасығыштарда жинауға және өңдеуге өз келісімін береді.

11.6. Қарыз алушы Кепілдік билетке қол қоя отырып, осы Қағидаларда қамтылған шарттармен келіседі.

11.7. Осы Қағида Ломбардтың уәкілетті органы — Жалғыз қатысушысы бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Микрокредиттер беру қағидасына
№1 қосымша*

Микрокредитті өтеудің қосымша әдісін есептеу үлгісі

№ р/б	Төлем күні	Негізгі борышты өтеу бойынша төлем мөлшері	Сыйақыны өтеу бойынша төлем мөлшері	Өтеуге жиыны (төлемнің жалпы мөлшері)	Келесі төлем күніне негізгі борыштың қалдығы
1	31.01.2020	100 000	8 000	108 000	0
Жиыны:		100 000	8 000	108 000	0

ШАРТ БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ

Микрокредит алуға
өтініш-сауалнама

«__» _____ 2020 ж.

1. Сұратылған микрокредит туралы мәліметтер:

Сұралатын сома (теңге)	
Мерзімі (күндер)	
Микрокредитті өтеу тәсілі	☐ Бір жолғы төлем ☐ Аннуитетті төлем ☐ Сараланған төлем

2. Ұсынылатын кепілзат туралы мәліметтер

Меншік құқығында маған тиесілі жылжымалы мүлікті кепілдікке беремін	☐ Алтыннан жасалған бұйымдар ☐ Техника ☐ Өзге де заттар
---	--

3. Дербес деректер

ТАӨ	
ЖСН	
Жеке басын куәландыратын құжат	
Ұялы телефон	
Қосымша телефон	
E-mail электрондық пошта мекен-жайы	
Тіркелген мекен-жайы	
Тұрғылықты мекен-жайы	

Осымен маған микрокредит беру тәртібі мен шарттары туралы, микрокредит алуға, микрокредитті қайтаруға, сондай-ақ микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуге байланысты құқықтарым мен міндеттерім туралы толық ақпарат берілгенін растаймын. Шарттың талаптары туралы, микрокредит алуға байланысты барлық төлемдердің тізбесі мен мөлшері туралы хабардар етілді. Оның ішінде оны өтеудің барлық ықтимал тәсілдері мен тәртібі, оны пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу туралы, сондай-ақ Шарт талаптары бұзылған жағдайда жауапкершілік және ықтимал тұрақсыздық айыбы/өсімақы мөлшері туралы ақпарат берілді.

Өтініш беруші (ТАӨ) _____ қолы _____

Өтінішті қабылдау туралы белгі

Ломбард қызметкері (ТАӨ) _____ қолы _____

«Адамант24- Ломбард» ЖШС басшысына

**Кредиттік тарих субъектісінің ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға
және ішкі істер органдарына беруге
келісімі**

Толтыру күні _____ Толтыру уақыты _____

Мен,

(толық аты-жөні.)

ЖСН: _____;

Туған жылы мен жері: _____ « ____ » _____ 19 ____ ж.

Жеке куәлік № _____, _____ ж. _____ берілді.

Жеке куәліктің қолданылу мерзімі _____;

Тұрғылықты мекен-жайы: _____

Тіркелген мекен-жайы: _____

Ұялы телефон № _____

- "Адамант24-Ломбард" ЖШС орналасқан және көрсетілген көзге болашақта түсетін менің қаржылық және басқа да мүліктік сипаттағы міндеттемелеріме қатысты, мен туралы ақпарат "Мемлекеттік кредиттік бюро" мен ҚР ПМ ұсынылатыны туралы осы келісімді беремін;

- кредиттік бюроларда орналасқан және болашақта кредиттік бюроларға түсетін менің қаржылық және басқа да мүліктік сипаттағы міндеттемелеріме қатысты, мен туралы ақпарат осы келісімді қабылдаған кредиттік бюродан ақпарат алушыға ашылатыны туралы осы келісім беремін;

- "Адамант24-Ломбард" ЖШС және "Мемлекеттік кредиттік бюро" АҚ және ҚР ПМ "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" ҚР Заңына сәйкес дербес деректерімді жинауға, өңдеуге және трансшекаралық беруге осы келісімді беремін.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), жеке қолы)

Осы келісімді қабылдаған ұйым: "Адамант24-Ломбард" ЖШС.

Осы келісімді қабылдауға уәкілетті ұйымның қызметкері:

Қызметкердің лауазымы _____ / ТАӘ

«Адамант24-Ломбард» ЖШС басшысына

**Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюродан, оның ішінде
ішкі істер органдарына кредиттік есепті беруге
келісімі**

Толтыру күні _____ Толтыру уақыты _____

Мен,

(толық аты-жөні.)

ЖСН: _____;

Туған жылы мен жері: « ____ » _____ 19 ____ ж.

Жеке куәлік № _____, _____ ж. _____ берілді.

Жеке куәліктің қолданылу мерзімі _____;

Тұрғылықты мекен-жайы: _____

Тіркелген _____ мекен-

жайы: _____

Ұялы телефон № _____

**Болашақта келіп түсетін мәліметтерді қоса алғанда, кредиттік бюродан кредиттік
есепті беруге осы келісімді беремін**

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), жеке қолы)

Осы келісімді қабылдаған ұйым: "Адамант24-Ломбард" ЖШС.

Осы келісімді қабылдауға уәкілетті ұйымның қызметкері:

Қызметкердің лауазымы _____ / ТАӘ